



Бекітемін мектеп директоры
А.Р.Тлеулина

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша

**Тобық Жармағамбетов атындағы орта мектебінің
2023-2024 оқу жылына арналған
ЖЫЛДЫҚ ТӘРБИЕ ЖОСПАРЫ**

2023 ж

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

- ✚ Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
- ✚ Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және елбірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
- ✚ Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
- ✚ Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
- ✚ Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

- ✓ Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
- ✓ Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
- ✓ Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
- ✓ Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
- ✓ Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: *ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.*

Ұлттық мүдде құндылығы:

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл

- Мемлекеттік рәміздерді қадырлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді
- Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары
Ар-ұят құндылығы:

- Академиялық адалдыққағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.
Күтілетін нәтижесі:

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.
Талап құндылығы:

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командалық жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды игерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орнату білу;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды;
- Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда балалардың жас ерекшеліктерін ескеруде берілетін ұсынымдар:

Туғаннан 6 жасқа дейінгі бала тәрбиесі

Мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінде:

- ✓ баланың дербес әрекетіне қолдау көрсету;
- ✓ баланың шексіз мүмкіндіктеріне сенім білдіру;
- ✓ баланың қызығушылық танытқан іс-әрекеттерін сынап көруіне мүмкіндік беру ұсынылады.

Ұсынылады:

- бесік-жырлары, арнау-тілек өлеңдер, өтірік өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар мен мақал-мәтелдер, жұмбақтар, балалар айтысы және басқа да балалардың тілдік қарым-қатынас жасауына қолайлы халық ауыз әдебиетінің үлгілері мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінің құралы ретінде жүйелі қолдану;
- балабақшада түскі (ұйқы) демалыс алдында оның жақсы ұйықтап, тынығуы үшін 0-3 жас аралығындағы бөбектерге бесік жырын (басқа да балаларға арналған жағымды әуенді әндер) тыңдату, ал 3 жастан асқан балаларға мейірімділік пен жақсылықты дәріптейтін ертегілер айту дәстүрін енгізу;
- балалармен ертегі сағаттары, «Әжемнің ертегісі», «Бал бала» тіл ширату жобалары мен іс-шараларын жүзеге асыру;
- балалардың жас ерекшелігін, қызығушылығы мен қажеттілігін ескере отырып ұлттық қимыл-қозғалыс ойындарын, спорттық қимыл-қозғалыс ойындарын жүйелі қолдану ұсынылады.

6-10 жастағы бала тәрбиесі

Ұсынылады:

- тәрбиелік іс-шаралардың мазмұны, форматы, көркемдік стилі, ұсынылу тәртібі қазіргі балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына, қабылдауына сәйкес болуы;
- қысқа және ұзақ мерзімде іске асырылатын тақырыптық жобаларды жоспарлау арқылы тәрбие жұмысының жүйелілігін, бірізділігін, тұтастығын қамтамасыз ету;
- халық ауыз әдебиеті үлгілері, көркем шығармалар тәрбиелік шаралар мен жобалардың мазмұнын қамтамасыз ететін дереккөзі ретінде қолдану;
- бастауыш сынып білім алушыларының мінез-құлық әдебі мен өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастырудың құралдарының бірі ретінде қазақ халқының мақал-мәтелдерін, тыйым сөздерін қолдану;
- ұлттық ойындарды («Асық ату» өткізу, Хан талапай, Арқан тартыс, Алтыбақан, Айгөлек, Белдесу, Саққұлақ, Тымпи, Тоғызқұмалақ т.б.) баланың физикалық, зияткерлік тұрғыдан дамуына ықпал ететін құралдардың бірі ретінде қолдану арқылы оның қолданыс аясын кеңейту;
- әлеуметтік тәжірибелер арқылы адамдарға, жан-жануарларға қамқорлық және табиғатты қорғау аясында жасалған қайырымдылық іс-шараларына тарту, оларды әлеуметтік желілерде насихаттау ұсынылады.

Жасөспірім тәрбиесі (11-15 жас)

Ұсынылады:

- тәрбие шаралары мен жобаларының мазмұнын, форматын, көркемдік стилін, ұсынылу тәртібін анықтауда жасөспірімдік кезеңдегі балалардың психологиялық ерекшелігін, қызығушылығын назарға алып, цифрлық технологиялардың жетістіктерін ескеру;

- жас ерекшеліктеріне сай келетін классикалық көркем шығармалар мен көркем әдебиеттерді ұсыну; оқылған шығарма кейіпкерлерінің бойындағы адами қасиеттері мен жағымсыз әдеттерін талқылауға бағытталған кейстік жағдаяттарды шешуді ұсыну;
- еліміздегі тарихи орындарға, ескерткіштерге экскурсия жасау, ел мен жер тарихы туралы деректермен танысу, театрға, музейлерге, мұрағаттарға, ұлттық парктер мен қорықтарға бару, виртуалды саяхаттар жасау немесе/және цифрлық технологиялардың жетістіктерін қолданып таныстыру;
- ақын-жыраулар және ұлт зиялыларының, батырлардың, тарихи тұлғалар мен қоғам қайраткерлерінің өмір жолдарымен, олардан мирас болып жеткен мұралармен таныстыру;
- тарихи, деректі фильмдерді талдау;
- білім алушылардың мәдени және ұлттық мұраны насихаттау бойынша бастамаларына қолдау көрсету;
- табиғатты қорғау, адамның әрекеттерінен туындайтын апаттардың алдын алу бойынша жобалар әзірлеу;
- жобаларды жүзеге асыруға отбасын әлеуметтік әріптестікке тарту;
- «Гаджетсіз демалыс» күндерін ұйымдастыру, кітап оқу, спортпен шұғылдану, табиғат аясында серуендеу т.б. шаралар ұйымдастыру ұсынылады.

Жастар тәрбиесі (15-18 жас)

Ұсынылады:

- жастар тәрбиесі ел мен жер тұтастығын, ел тәуелсіздігін қадірлеуге, ар-ұят, намысты жоғары ұстауға, адал еңбекпен қызмет етуге, қоғам игілігі үшін азаматтық белсенділік танытуға, жауапкершілікті саналы түсінуге, салауаттық, зияткерлік құндылықтарына негізделген тәрбиеге басымдық берілуі тиіс;
- ел болашағы үшін маңызды буын екендіктерін сезінуіне, отбасы алдындағы парызын, Отан алдындағы борышын өтуге белсенділігін арттыруға бағытталған әлеуметтік тәжірибелер мен жобаларға жастарды тарту;
- ұлттың тарихи сана-сезімін жаңғыртудың маңыздылығы, тарихи төл шежіресін дәріптеуге айырықша мән бере отырып, халқымыздың ата-бабадан мирас болып қалған мұрасын дәріптеу, ұлттың кодын сақтауда жастардың бойындағы рухты ояту, отаншылдық пен мемлекетшілдік сезімдерін арттыруға бағытталған шаралар ұйымдастыру;
- отбасы құндылықтарын дәріптеуге, отбасын құруға жауапкершілікті түсіндіруге бағытталған іс-шараларға тарту;
- адал еңбекті жоғары бағалауға, еңбек адамын құрметтеуге бағытталған іс-шараларға тарту, кәсіптік бағдарын дұрыс анықтауға қолдау көрсету ұсынылады.

Білім беру ұйымдары мен педагогтың міндеті:

- балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;
- білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға.

Кешенді жоспарды іске асыруда:

Білім беру ұйымы директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары міндетті:

- тәрбие процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;
- тәрбие жұмысын ағымдағы және перспективалық жоспарлауды ұйымдастырады;
- тәрбие процесінің мазмұны мен өткізілу сапасына жүйелі бақылауды жүзеге асырады;
- тәрбие процесін қамтамасыз ететін білім беру ұйымдары әкімшілігінің, әлеуметтік-психологиялық қызметтері мен бөлімшелерінің жұртшылық және

құқық қорғау органдарының өкілдерімен, ата-аналар қоғамдастығының, қамқоршылықкеңестің өкілдерімен өзара іс-қимылын үйлестіреді.

- Тәрбиеші, сынып жетекші және кураторлардың міндеттері:
- салауатты өмір салтына ынталандыру;
- сыныпта достық ортаны, өзара түсіністікті құру;
- білім алушылардың басқаларға деген жауапкершілігін, ұжымда жұмыс істей білуге баулу;
- ата-аналар жиналысын өткізу (педагогикалық консилиумдар, тренингтер, әңгімелер, ата-аналарға (басқа да заңдыөкілдерге) арналған консультациялар);
- білім алушылардың оқу жетістіктері және ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселелері бойынша ата-аналармен өзараәрекеттесу;
- аптасына бір рет (дүйсенбіде) сынып сағаттарын өткізу.
- Кешенді жоспардың орындалуын бақылау мен басшылық жасау білім ұйымдарының бірінші басшыларына жүктеледі.
- Орындалған іс-шараларды әлеуметтік желілерде жариялау, #Біртұтас_тәрбие хештегін тегтеу

Жоспарды іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар:

- ❖ Төлеби аудандық білім бөлімі;
- ❖ Аудандық ішкі саясат бөлімі;
- ❖ Төлеби аудандық емханасы;
- ❖ Ленгір қалалық емханасы;
- ❖ Аудандық әлеуметтік қорғау және еңбекпен қамту бөлімі;
- ❖ Қосымша білім беру ұйымдары;
- ❖ Төлеби аудандық жергілікті полиция бөлімі;
- ❖ Төлеби аудандық мәдениет және спорт бөлімі;
- ❖ Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (келісімі бойынша);
- ❖ Төлеби ауданы «Жастар ресурстар орталығы»

Тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы келесідей құжаттарға сәйкес жүргізіледі:

1. «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы;
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы;
3. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі 26 желтоқсан 2011 жыл;
4. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы;
5. «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңы;
6. «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 02 шілдедегі №169VI Заңы;

7. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы;
8. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
9. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы №525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.
10. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 12 маусымдағы №248 бұйрығымен бекітілген 2020-2025 жылдарға арналған «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасы;
11. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 19 қыркүйектегі №294 «Біртұтастәрбиебағдарламасын» іске асыру туралы бұйрығы
12. Білім беру ұйымдарында ата-аналарды педагогикалық қолдау бойынша нұсқаулық. Алматы 2023
13. Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 18 бұйрығы.
14. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығы. "Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 1 наурыздағы № 56 бұйрығы
15. «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 6.04.2020 ж. № 130 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 17.03.2023 ж. №68 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)
16. «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялықэпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары (ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.08.2021 ж. № ҚР ДСМ-76 бұйрығы)
17. «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» (ҚР БҒМ 14.01.2016 ж. №26 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.12.2022 ж. №534 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)
18. «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің террористік тұрғыдан осал объектілерді және білім және ғылым саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы»(ҚР БҒМ 30.03.2022 ж. № 117 бұйрығы)
19. «Білім беру ұйымдарында психологиялықпедагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 12.01.2022 ж. №6 бұйрығы)

Сыныптан тыс жұмыстар мен тәрбиелік іс-шараларды жоспарлау және ұйымдастыру кезіндегі
2023-2024 оқу жылында аталып өтілетін мерейтойлық күнтізбелік күндер

| Қызметі | Мерей той иелері | Туылған айы | Өтілетін мерзімі | Нәтиже |
|--|---------------------------------------|-------------|------------------|--------|
| Суфизм поэзиясының негізін қалаушы, барлық Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама | Қожа Ахмет Яссауидің туғанына 930 жыл | Қыркүйек | Қыркүйек | |

| | | | | |
|--|---|----------|-----------|--|
| Мәдениеттанушы ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері, филология ғылымдарының кандидаты, Мұхтар Әуезов Қорының Президенті | Мұрат Әуезовтің туғанына 80 жыл | Қыркүйек | Қыркүйек | |
| Қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург | Жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл | Қыркүйек | Қыркүйек | |
| 1223-1277 жылдары билік құрған, Египетте мамлюк мемлекетінің негізін қалаған Дешті Қыпшақ даласының әйгілі ұлы | Сұлтан Бейбарыстың туғанына 800 жыл | Қазан | Қазан | |
| Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі | Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл | Қазан | Қазан | |
| Ұлы жүздің биі Төле бидің туғанына 360 жыл XVIII ғасырдағы қазақ әдебиетінің ең көрнекті өкілдерінің бірі. Қазақ жырауы, мемлекет қайраткері | Бұқаржырау Қалқаманұлының туғанына 355 жыл | Қазан | Қараша | |
| Қазақтың батыры, көрнекті ақыны | Махамбет Өтемісұлының туғанына 220 жыл | Қазан | Қараша | |
| Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор | Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл | Қазан | Желтоқсан | |
| Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым | Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл | Қазан | Қаңтар | |
| Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптас-тырушылардың бірі | Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл | Қазан | Қаңтар | |
| Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы | Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл | Қазан | Ақпан | |
| Қазақ халқының XX ғасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы, ақылойшысы, демократ ақыны | Сұлтанмахмұт Торайғыровтың туғанына 130 жыл | Қазан | Ақпан | |
| Ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері | Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл | Қазан | Наурыз | |
| Қазақстанның Халық Қаһарманы, Халықаралық Фадеев атындағы Сыйлықтың лауреаты, партизан-жазушы, Ұлы Отан соғысының ержүрек батыры | Қасым Қайсеновтің туғанына 105 жыл | Сәуір | Сәуір | |
| Қазақ жазушысы, редакторы. Ұлы Отан соғысының қатысушысы | Кемел Тоқаевтың туғанына 100ж | Қазан | Сәуір | |
| Қазақ мемлекеттік баспасында поэзия редакциясын басшысы, «Қазақ әдебиеті» газеті бас редакторының орынбасары, «Жазушы» баспасында поэзия редакциясының меңгерушісі, жазушы | Ғафу Қайырбековтің туғанына 95 жыл | Мамыр | Мамыр | |

Абай күні

Жыл сайын 10 тамызда Қазақстанда Ұлы қазақ ақыны, ойшыл, ағартушы, жазбаша қазақ әдебиетінің, қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы, философ Абай күні атап өтіледі. Қазақтың ұлы ақыны Абайдың туған күні (1845 жылғы 10 тамыз) «Қазақстан Республикасындағы мереке күндерінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 689 қаулысына толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 4 тамыздағы № 495 қаулысына сәйкес ресми түрде Қазақстанда мереке күні болып атап өтіледі

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2020 жылғы 6 сәуірдегі
№ 130 бұйрығына
4-қосымша

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту
министрлігінің 2023 жылғы 19 қыркүйектегі
№294 «Біртұтас тәрбие бағдарламасын»
бұйрығына 2-қосымша

Т А М Ы З - ұйымдастыру айы

| Негізгі жұмыс бағыттары | Іс-шаралар | Жауаптылар | Орындау мерзімдері |
|--|---|-------------------------------|--------------------|
| Сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігімен жұмыс | Тәрбие жұмысын ұйымдастыру және «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жолдарын түсіндіру. Тәрбие жұмысының нормативтік құқықтық құжаттары (пед.кеңес) | ДТЖО Ш.С.Хусайнова СЖӘБ | тамыз |
| | Сынып жетекшілердің тәрбие жұмысының жоспарын бекіту және орындалуын қадағалау(ДЖК,СЖО) | ДТЖО Ш.С.Хусайнова СЖӘБ | тамыз |
| | Тәрбие сағаттарының тиімділігі (ДЖК, СЖО) | ДТЖО Ш.С.Хусайнова СЖӘБ | тамыз |
| | Мектеп жарғысының талаптарының сақталуы (Пед.кеңес) | ДТЖО Ш.С.Хусайнова СЖӘБ | тамыз |
| | Сабақтан тыс тәрбиелік жобаларды ұйымдастыру және оны іске асыру (СЖО) | ДТЖО Ш.С.Хусайнова СЖӘБ | тамыз |

| Мектепшілік ата-аналармен жұмыс | Мектептің отбасымен өзара әрекеттесуі (директор жанындағы кеңес ДЖК) | Мектеп әкімшілігі | тамыз |
|---|--|--|------------------------|
| Қамқоршылық кеңес жұмысы | Қамқоршылық кеңесінің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын әзірлеу, бекіту. Қамқоршылық кеңес отырысының тақырыптарын бекіту. Нормативтік құжаттармен танысу, негізгі бағыттарды анықтау. Қамқоршылық кеңестің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша заң және нормативтік құқықтық актілер жобаларын қоғамдық талқылау. Бақылау барысында анықталған бұзушылықтар кездесе дер кезінде отырыста қарау | Мектеп әкімшілігі | Тамыз |
| | <ul style="list-style-type: none"> -мектепті дамытудың басым бағыттары бойынша ұсынымдарды келісу. -мектептің бюджетін қалыптастыру кезінде ұсыныстар әзірлеу. -мектептің жарғысы мен ішкі тәртіп ережелеріне өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу(қажет болған жағдайда). -мектеп таңдаған оқу жылының басталуы мен аяқталуының баламалы мерзімдеріне келісу. -мектептің эксперименттік білім беру бағдарламаларын келісу. | Мектеп әкімшілігі | Тамыз |
| | Мектепке қайырымдылық көмек түрінде түскен қаржы қаражатын бөлу жөніндегі хаттамалық шешімді шығару, оның нысаналы жұмсалуды туралы, демеушілік, қайырымдылық және өзге де көмекті пайдалану бағыттарын, нысандарын, мөлшері мен тәртібін таңдау жөнінде шешім қабылдау. | | Тамыз |
| | Мектепте, оқушыларға ыстық тамақты ұйымдастыру барысында санитарлық-гигиеналық жағдайлардың сақталуына, тамақ өнімдерінің сапасына, ішу режиміне, іргелес аумақтың жай-күйіне қоғамдық бақылауды жүзеге асыру. | | Тамыз |
| | Оқу жылы ішінде "Балдәурен" республикалық оқу-сауықтыру орталығына және сауықтыру орталығына жіберілген білім алушыларға және олардың жазғы демалысын дұрыс ұйымдастырылуын, үміткерлердің тізімдерін талапқа сай жүргізілуін қадағалау. | | Тамыз |
| | Оқушылардың өзін -өзі басқару ұйымына басшылық жұмыстар (Өзін-өзі басқару ұйымы, Жас Ұлан, Жас Қыран,) | «Жас ұлан», «Жас қыран», өзін-өзі басқару ұйымдарының жұмысы | Тәлімгер Г.Табынбай |
| Парламент мүшелеріне үміткерлер бағдарламасын әзірлеу | | Тәлімгер Г.Табынбай | Тамыз |
| | <ul style="list-style-type: none"> - «Мектепке жол» акциясы аясында мектепшілік құрылған мобильдік топпен бірлесе отырып, мектепке әлеуметтік жағдайларына байланысты келе алмайтын оқушыларды анықтау. - Әлеуметтік көмек алатын отбасыдан шыққан оқушылардың ата-аналарына түсіндірме жұмыстарын жүргізу. | ДТІЖО Ш.С.Хусайнова Әлеуметтік педагог А.Қарамұқан | Тамыз |

| | | | |
|--|---|---|--------------|
| <p>Әлеуметтік педагогпен бірлескен жұмыс</p> | <ul style="list-style-type: none"> - «Мектепке жол» акциясы аясында әлеуметтік қорғауды қажет ететін отбасынан шыққан балаларды «Міндетті білім қорынан» көрсетілетін қаржылай және материалдық көмекке ұсыну. - Демеушілер тарапынан көрсетілетін қайырымдылық іс шараларын ұйымдастыру. | <p>ДТІЖО Ш.С.Хусайнова Әлеуметтік педагог А.Қарамұқан</p> | <p>Тамыз</p> |
| | <ul style="list-style-type: none"> -Мектептің әлеуметтік паспортын жасау мақсатында мектеп оқушыларының әлеуметтік жағдайына сынып жетекшілермен бірлесе отырып, зерттеу жұмыстарын жүргізу, мектептің әлеуметтік паспортын жасау. -Тұл жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылар <ul style="list-style-type: none"> - Ерекше білімді қажет ететін, үйде оқытылатын оқушылар - Атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасынан шыққан оқушылар <ul style="list-style-type: none"> - Аз қамтылған отбасынан шыққан оқушылар - Көп балалы отбасынан шыққан оқушылар - Жартылай жетім отбасынан шыққан оқушылар - Ажырасқан отбасынан шыққан оқушылар - Ерекше назарды қажет ететін отбасынан шыққан оқушылар - Мектепте оқитын мүгедектігі бар оқушылар - Өгей ата-анамен тұратын оқушылар (өгей әкемен тұратын, өгей анамен тұратын) <ul style="list-style-type: none"> -Жақын және алыс шет ел азаматтығы бар оқушылар - Қандас отбасыдан шыққан оқушылар | <p>ДТІЖО Ш.С.Хусайнова Әлеуметтік педагог А.Қарамұқан</p> | <p>Тамыз</p> |
| | <p>Мектеп әкімшілігімен бірлесе отырып, ыстық тамақпен қамту жұмыстарын ұйымдастыру.</p> <p>Әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасы балаларын бір мезгіл қоғамдық тамақпен қамту бойынша жұмыстар жүргізу.</p> | <p>Әлеуметтік педагог А.Қарамұқан</p> | <p>Тамыз</p> |
| | <p>Оқушылардың әлеуметтік санатын зерттеу қорытындысы бойынша мектептің әлеуметтік паспорты :</p> <ul style="list-style-type: none"> Толық отбасылар Толық емес отбасы Анасы жоқ отбасылар Әкесі жоқ отбасылар Ата-анасының бірі бар ажырасқан отбасы Көп балалы отбасы Аз қамтамасыз етілген оқушылар отбасы Қорғаншылық (қамқоршылықтағы) балалар Мүгедек балалар, мүмкіндігі шектеулі үйде оқытылатын оқушылар; Басқа мемлекеттің азаматы болып табылатын білім алушылар Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар Мектепшілік бақылау есебінде тұрғандар Өгей ата-анамен тұратын | <p>Әлеуметтік педагог А.Қарамұқан</p> | <p>Тамыз</p> |

| | | | |
|--|---|---|-------|
| | <p>Әр бала өз отбасымен жақын туыстарының үйінде тәрбиеленетін Тасымалданатын оқушылар Жалдамалы пәтерде тұратын отбасылар Ата-аналарының білім: Жоғары, жоғары білімнен кейінгі Техникалық және кәсіптік орта</p> | | |
| | <p>Әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасынан шыққан балалардың білім алуына жағдай жасау мақсатында (қашықтан білім беру болған жағдайда интернет желілерімен, ноутбук, компьютермен) оқулықтармен қамтамасыз ету жұмыстарын қадағалау.</p> | <p>Әлеуметтік педагог А.Қарамұқан</p> | Тамыз |
| <p>Құқықбұзушылықтың алын алу (Буллинг. Кибербуллинг. Ерте жүктіліктің алдын алу, қыздармен жұмыс, медбикемен жұмыс, КТДЖБ, нашақорлықтың алдын алу)</p> | <p>Қолайсыз отбасыларға, «Тәуекел топтары» оқушыларына әлеуметтік-психологиялық көмек көрсету бойынша жұмыстың жай-күйі (жеке консультациялар)</p> | <p>ДТДЖО Ш.С.Хусайнова педагог-психолог С.Сейталипа</p> | Тамыз |
| | <p>Құқық бұзушылықтың алдын алу – басты мақсат (Буллинг, кибербуллинг, ерте жүктілік)</p> | | тамыз |
| | <p>Медицина қызметкерінің жеке гигиена дағдыларын қалыптастыру бойынша профилактикалық жұмысының нәтижелері</p> | <p>Педагог-психолог С.Сейталипа</p> | тамыз |
| | <p>«Сенім жәшігінің» жұмысын ұйымдастыру туралы мектеп директорының бұйрығын шығару, жауапты маман бекіту</p> | <p>Педагог-психолог С.Сейталипа</p> | тамыз |
| | <p>«Сенім жәшігін» тексеру, оның ашылуы мен жабылуын мектеп мөрімен бекіту және күннің жадын белгілеп отыру</p> | <p>Педагог-психолог С.Сейталипа</p> | тамыз |
| <p>Құқықбұзушылықтың алын алу бойынша профилактикалық кеңес жұмысы №61 өзгеру №389 бойынша (2023ж.23 желтоқсан)</p> | <p>Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі жұмыстың деңгейі</p> | <p>ДТДЖО Ш.С.Хусайнова педагог-психолог С.Сейталипа</p> | Тамыз |
| | <p>«Сенім жәшігінің» жұмысын ұйымдастыру туралы мектеп директорының бұйрығын шығару, жауапты маман бекіту</p> | <p>ДТДЖО Ш.С.Хусайнова педагог-психолог С.Сейталипа</p> | тамыз |
| <p>Патриоттық тәрбие беру</p> | <p>«Менің отаным – Қазақстан» онлайн экскурсия</p> | <p>Сынып жетекшілері</p> | Тамыз |
| | <p>Ұлдар мен қыздар кеңестерінің жұмысы туралы</p> | <p>Ұйым жетекшілері</p> | тамыз |

| | | | |
|--|--|--|-------|
| «Жас сарбаз», Ұлдармен жұмыс Мемлекеттік Рәміздерді насихаттау | Әскери-патриоттық тәрбиені ұйымдастыру деңгейі | АӘД пәні мұғалімі Н.Тоқсанбаев | тамыз |
| Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстар мен «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының жұмысы | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша арнайы жоспар түзу | Тәлімгер Г.Табынбай | Тамыз |
| | «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының жұмысы бойынша жоспар әзірлеу | Тәлімгер Г.Табынбай | тамыз |
| Балалардың қауіпсіздігі бойынша: Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу; Өрт қауіпсіздігінің алдын алу | Қауіпсіздік техникасы бойынша мектеп оқушылары мен жұмыскерлеріне кіріспе нұсқау беру | Мектеп әкімшілігі | тамыз |
| | Кітапхана қорындағы рұқсат етілмейтін діни танымдық әдебиеттер тізімін анықтау | Мектеп әкімшілігі | тамыз |
| | Мектеп қызметкерлерімен діни экстремизмге қарсы нұсқаулық жүргізу. | Мектеп әкімшілігі | |
| Зорлық-зомбылықтың алдын алу | Құқық бұзушылық пен зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында «Сенім жәшігіне» түскен хаттарды тіркеу, хаттамасын толтыру, түскен арыз-шағымдар бойынша жұмыстар жүргізу | ДТІЖО Ш.С.Хусайнова педагог-психолог С.Сейталипа | Тамыз |
| Қосымша білім беру педагогімен бірлескен жұмыс | Білім алушылардың бос уақытын ұйымдастыру | ҚББП Б.Сайкалиева | тамыз |
| | Салауатты өмір салтын насихаттау және нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрес: «Мектеп спорты апталығы», «Спорт ойындары күні» спорттық акция «Сергіту сәті» челленджі («Тоғыз айға тоғыз іс-шара») | ҚББП Б.Сайкалиева | тамыз |
| Педагог ұйымдастырушымен бірлескен жұмыс | 1 қыркүйек - білім күні «Мектеп – мейірім мекені» ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, ТАЛАП Индикатор: Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және Отаншылдыққа баулу | ДТІЖО Ш.С.Хусайнова Педагог ұйымдастырушы Ү.Сайлауова Сынып жетекшілер Тәлімгер Г.Табынбай | Тамыз |

| | | | |
|--|---|--|-------|
| «Оқуға құштар мектеп» жобасы (балалар кітапханасы жобасы) | «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында жоспар әзірлеу | Кітапханашы П.Қожина | Тамыз |
| Кәсіптік бағдар беру маманымен бірлескен жұмыс | «Еңбегі адал жас өрен» жобасы бойынша кіріспе нұсқау беру | Б.Сайкалиева Тәлімгер Г.Табынбай | Тамыз |

ҚЫРКҮЙЕК – БІЛІМ АЙЫ

- 1 қыркүйек-Білім күні, сынып сағаттары, адалдық сағаты
- 5 қыркүйек- А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар
- Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама Қожас Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл
- Қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург Жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл
- ҚР Тілдер мерекесі ;
- «Мектеп-мейірім мекені» акциясы
- «Қауіпсіз мектеп» шаралары

| Негізгі жұмыс бағыттары | Іс-шаралар | Жауаптылар | Орындалу мерзімі |
|--|--|--|------------------|
| Сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігімен жұмыс | Сынып жетекшілердің тәрбие жұмысының жоспарын бекіту және орындалуын қадағалау(ДЖК,СЖО) | ДТЖО Ш.С.Хусайнова | тамыз |
| | Тәрбие жұмысын ұйымдастыру және «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жолдарын түсіндіру. Тәрбие жұмысының нормативтік құқықтық құжаттары (пед.кеңес)Тәрбие сағаттарының тиімділігі (ДЖК, СЖО) | ДТЖО Ш.С.Хусайнова Сынып жетекші Педагог –психолог С.Сейталипа | Қыркүйек |
| | Мектеп жарғысының талаптарының сақталуы (Пед.кеңес) | | |
| | Сабақтан тыс тәрбиелік жобаларды ұйымдастыру және оны іске асыру (СЖО) | ДТЖО Ш.С.Хусайнова Сынып жетекші Педагог –психолог | Қыркүйек |

| | | | |
|---------------------------------|---|--|----------|
| | | С.Сейталипа | |
| | Әлеуметтік педагогикалық қолдауды қажет ететін (жаңадан анықталып, проблемалық жағдайға тап болған) отбасынан шыққан оқушылармен кешенді жұмыстар жүргізу | Әлеуметтік педагог А.Қарамұқан Сынып жетекші | Қыркүйек |
| Мектепшілік ата-аналармен жұмыс | Мектептің отбасымен өзара әрекеттесуі (директор жанындағы кеңес ДЖК) | ДТЖО Ш.С.Хусайнова Сынып жетекші | Қыркүйек |
| | «Қауіпсіз өмір – қауіпсіз интернет» (Булинг. Кибербулинг. Ерте жүктіліктің алдын алу, қыздармен жұмыс, Салауатты өмір салтын насихаттауда медицина қызметкерімен жұмыс, КТІЖБ, Лудомания, нашақорлықтың алдын алу) | Мектеп психологы Ә.Мерекеқызы | Қыркүйек |
| | «Мектеп, ата-ана, бала арасындағы байланыс» мектепшілік ата-аналар жиналысы | Мектеп әкімшілігі | Қыркүйек |
| | «Сіздің балаңыз жаяу жүргінші» / ата-аналар жиналысы/ ӨӨБ ҚҰНДЫЛЫҚ: ТАЛАП Индикатор:-Өзің, отбасының сыныптың , қоғамның бір мүшесі екенін сезіну. | ДТЖО Ш.С.Хусайнова Сынып жетекші | Қыркүйек |
| | «Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы) | ДТЖО Ш.С.Хусайнова Сынып жетекші | Қыркүйек |
| Қамқоршылық кеңес жұмысы | Қамқоршылық кеңесінің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын әзірлеу, бекіту. Қамқоршылық кеңес отырысының тақырыптарын бекіту. Нормативтік құжаттармен танысу, негізгі бағыттарды анықтау. Қамқоршылық кеңестің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша заң және нормативтік құқықтық актілер жобаларын қоғамдық талқылау. Бақылау барысында анықталған бұзушылықтар кездесе дер кезінде отырыста қарау | Кеңес мүшелері | Қыркүйек |
| | -мектепті дамытудың басым бағыттары бойынша ұсынымдарды келісу. -мектептің бюджетін қалыптастыру кезінде ұсыныстар әзірлеу. -мектептің жарғысы мен ішкі тәртіп ережелеріне өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу(қажет болған жағдайда). -мектеп таңдаған оқу жылының басталуы мен аяқталуының баламалы мерзімдеріне келісу. -мектептің эксперименттік білім беру бағдарламаларын келісу. | Кеңес мүшелері | Қыркүйек |

| | | | |
|--|--|---|----------|
| | -білім сапасын жақсарту мақсатында «Зерттеу сабақтары» тәсілін оқыту үрдісіне енгізу үрдісіне қатысу. | | |
| | Мектепке қайырымдылық көмек түрінде түскен қаржы қаражатын бөлу жөніндегі хаттамалық шешімді шығару, оның нысаналы жұмсалуды туралы, демеушілік, қайырымдылық және өзге де көмекті пайдалану бағыттарын, нысандарын, мөлшері мен тәртібін таңдау жөнінде шешім қабылдау. | Кеңес мүшелері Әлеуметтік педагог А.Қарамұқан | Қыркүйек |
| | Мектепте, оқушыларға ыстық тамақты ұйымдастыру барысында санитарлық-гигиеналық жағдайлардың сақталуына, тамақ өнімдерінің сапасына, ішу режиміне, іргелес аумақтың жай-күйіне қоғамдық бақылауды жүзеге асыру. | Кеңес мүшелері Әлеуметтік педагог А.Қарамұқан | Қыркүйек |
| | Мектеп басшысының білім беру ұйымының қызметі туралы есептерін тыңдау | Кеңес мүшелері | Қыркүйек |
| Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымына басшылық жұмыстар (Өзін-өзі басқару ұйымы, Жас Ұлан, Жас Қыран) | «Жас ұлан», «Жас қыран», өзін-өзі басқару ұйымдарының жұмысы | Тәлімгер Г.Табынбай | Қыркүйек |
| | Парламент мүшелеріне үміткерлер бағдарламасын әзірлеу | Тәлімгер Г.Табынбай | Қыркүйек |
| Әлеуметтік педагогпен жұмыс | -Мектептің әлеуметтік паспортын жасау мақсатында мектеп оқушыларының әлеуметтік жағдайына сынып жетекшілермен бірлесіп отырып, зерттеу жұмыстарын жүргізу, мектептің әлеуметтік паспортын жасау. -Тұл жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылар - Ерекше білімді қажет ететін, үйде оқытылатын оқушылар - Атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасынан шыққан оқушылар - Аз қамтылған отбасынан шыққан оқушылар - Көп балалы отбасынан шыққан оқушылар - Жартылай жетім отбасынан шыққан оқушылар - Ажырасқан отбасынан шыққан оқушылар - Ерекше назарды қажет ететін отбасынан шыққан оқушылар - Мектепте оқитын мүгедектігі бар оқушылар - Өгей ата-анамен тұратын оқушылар (өгей әкемен тұратын, өгей анамен тұратын) -Жақын және алыс шет ел азаматтығы бар оқушылар - Қандас отбасыдан шыққан оқушылар | ДТДЖО Әлеуметтік педагог А.Қарамұқан Сынып жетекші | Қыркүйек |

| | | | |
|---|--|---|-----------------------------------|
| | Мектеп әкімшілігімен бірлесе отырып, ыстық тамақпен қамту жұмыстарын ұйымдастыру. Әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасы балаларын бір мезгіл қоғамдық тамақпен қамту бойынша жұмыстар жүргізу. | ДТІЖО Әлеуметтік педагог А.Қарамұқан Сынып жетекші | Қыркүйек |
| | Әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасынан шыққан балалардың білім алуына жағдай жасау мақсатында (қашықтан білім беру болған жағдайда интернет желілерімен, ноутбук, компьютермен) оқулықтармен қамтамасыз ету жұмыстарын қадағалау. | ДТІЖО Әлеуметтік педагог А.Қарамұқан Сынып жетекші | Қыркүйек |
| Құқықбұзушылықтың алын алу (Булинг. Кибербулинг. Ерте жүктіліктің алдын алу, қыздармен жұмыс, Салауатты өмір салтын насихаттауда медицина қызметкерімен жұмыс, КТІЖБ, Лудомания, нашақорлықтың алдын алу) | Салауатты өмір саптын насихаттау және нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрес: «Мектеп спорты апталығы», «Спорт ойындары күні» спорттық акция «Сергіту сәті» челленджи («Тоғыз айға тоғыз іс-шара») | ДТІЖО Ш.С.Хусайнова ПҰ Ү.Сайлауова | Қыркүйек |
| | Қолайсыз отбасыларға, «Тәуекел топтары» оқушыларына әлеуметтік-психологиялық көмек көрсету бойынша жұмыстың жай-күйі (жеке консультациялар) | Сынып жетекші Педагог –психолог С.Сейталипа | Қыркүйек |
| | Құқық бұзушылықтың алдын алу – басты мақсат (Булинг, кибербулинг, ерте жүктілік) | Педагог -психолог Медбике З.Қалиева | Қыркүйек |
| | Медицина қызметкерінің жеке гигиена дағдыларын қалыптастыру бойынша профилактикалық жұмысының нәтижелері | ДТІЖО Ш.С.Хусайнова Медбике З.Қалиева | Қыркүйек |
| Құқық бұзушылықтың алын алу бойынша профилактикалық кеңес жұмысы №61 бұйрық | «Білім беру ұйымдарында мектепішілік есепке алуды жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» Қазақстан республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 3 наурыздағы №61 бұйрығын түсіндіру жұмыстары | ДТІЖО Ш.С.Хусайнова Педагог –психолог С.Сейталипа | Қыркүйек |
| | Мектепішілік есепте тұратын қиын және құқықбұзуға бейім оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалануын ұйымдастыру мақсатында ұйымдастырылған жұмыстармен жұмыс. Әлеуметтік- тұрмыстық жағдайына зерделеу жүргізу. | ДТЖО Ш.С.Хусайнова әлеуметтік педагог А.Қарамұқан педагог психолог С.Сейталипа | Қыркүйек Жыл ішінде |
| | «Сенім жәшігін» тексеру, оның ашылуы мен жабылуын мектеп мөрімен бекіту және күннің жадын белгілеп отыру | Педагог -психолог С.Сейталипа | Қыркүйек Апта сайын, жұма күні |
| Патриоттық тәрбие беру «Жас сарбаз», Ұлдармен жұмыс Мемлекеттік Рәміздерді насихаттау | Ұлдар мен қыздар ұйымдарының жылдық жұмысын бекіту | Ұйым жетекшілері | Қыркүйек |
| | Әскери-патриоттық тәрбиені ұйымдастыру деңгейі | АӘД пәні мұғалімі Н.Тоқсанбаев | Қыркүйек |
| | Мемлекеттік Рәміздердің құжаттарын жинақтау | Сынып жетекшілер Ұйым жетекшілері | Қыркүйек |

| | | | |
|---|--|--|----------|
| | | | |
| Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының жұмысы | «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру» түсіндірме жұмыстары және құқықбұзушылықтың алдын алуға байланысты профилактикалық жұмыстар / онкүндік/ ҚҰНДЫЛЫҚ: ТАЛАП Индикатор:-қоғам игілі үшін қызмет ету; - Адал еңбекті құрметтеу - уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау | ДТІЖО Ш.С.Хусайнова Сынып жетекшілер | Қыркүйек |
| | «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы» түсіндірме жұмыстары / онкүндік/ | Сынып жетекшілер | Қыркүйек |
| | «Адал азамат – әділетті Қазақстан» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы) | Сынып жетекшілер | Қыркүйек |
| Балалардың қауіпсіздігі бойынша: Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу өрт қауіпсіздігінің алдын алу | Қауіпсіздік техникасы бойынша мектеп оқушылары мен жұмыскерлеріне кіріспе нұсқау беру | ДТІЖО Ш.С.Хусайнова ДШЖО К.Сақтағанов Сынып жетекшілер | Қыркүйек |
| | Балалар қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы жаднамалар тарату. | Сынып жетекшілер | Қыркүйек |
| Зорлық-зомбылықтың алдын алу | «Өз балаңызды қалай қорғауға болады?» ата-аналарға ескертпе тарату, Сенің қауіпсіздігіңді ойлаймыз!» оқушыларға ескертпе тарату | Педагог-психолог С.Сейталипа | Қыркүйек |
| Қосымша білім беру педагогімен бірлескен жұмыс | Білім алушылардың бос уақытын ұйымдастыру | ҚББП Б.Сайкалиева | Қыркүйек |
| | Салауатты өмір саптын насихаттау және нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрес: «Мектеп спорты апталығы», «Спорт ойындары күні» спорттық акция «Сергіту сәті» челленджі («Тоғыз айға тоғыз іс-шара») | ҚББП Б.Сайкалиева | Қыркүйек |
| Педагог ұйымдастырушымен бірлескен жұмыс | 1 қыркүйек - білім күні «Мектеп – мейірім мекені» ҚҰНДЫЛЫҚ: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, ТАЛАП Индикатор:Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және Отаншылдық», «Менің сүйікті мектебім», «Менің алғашқы ұстазым» республикалық онлайн акциясы «Bilim_quni» хэштегі | ДТІЖО Ш.С.Хусайнова Педагог ұйымдастырушы Ү.Сайлауова Сынып жетекшілер Тәлімгер Г.Табынбай | Қыркүйек |
| «Оқуға құштар мектеп» жобасы (балалар кітапханасы) | Мектеп оқушылары арасында «Тіл тазалығы» Қазақстан халқының тілдері күніне арналған іс-шаралар | Қазақ тілі пәні бірлестігі Кітапханашы П.Қожина | Қыркүйек |

ҚАЗАН – АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ АЙЫ

- 1 қазан - Қарттар күні
- 5 қазан – Мұғалімдер күні
- 25 қазан – Республика күні
- Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл
- Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшһүр - Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл
- Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл
- Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жы

| Негізгі жұмыс бағыттары | Іс-шаралар | Жауаптылар | Орындалу мерзімі |
|--|---|--|------------------|
| Сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігімен жұмыс | Тәрбие жұмысын ұйымдастыру және «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жолдарын түсіндіру. Тәрбие жұмысының нормативтік құқықтық құжаттары (пед.кеңес) Сынып жетекшілер отырысы немесе семинар | ДТДЖО Ш.С.Хусайнова | Қазан |
| | Сынып жетешінің лауазымдық міндеттерімен таныстыру | ДТДЖО Ш.С.Хусайнова | Қазан |
| | Мектеп әкімшілігімен бірлесе отырып, ыстық тамақпен қамту жұмыстарын ұйымдастыру. «Жүрегім толы мейірімі» қамқоршы ата-аналармен кездесу | ДТДЖО Ш.С.Хусайнова Әлеуметтік педагог А.Қарамұқан Сынып жетекші | Қазан |
| Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы | «Отбасы - бақыт бесігі» ата-аналарға арналған сабақ (Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы) | ДТДЖО Ш.С.Хусайнова 1-4 сынып жетекшілері | Қазан |
| | «Боламын деген баланың бетін қақпа, белін бу...» ата-аналарға арналған сабақ (Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы) | ДТДЖО Ш.С.Хусайнова 10-11 сынып жетекшілері | Қазан |
| «Даналық мектебі» клубы «Әкелер мектебі» жобасы | «Әкем айтқан нақыл сөз...» | ДТДЖО Ш.С.Хусайнова «Әкелер мектебі» мен ұлдар клубының жетекшілері | Қазан |

| | | | |
|---|---|---|-------|
| | «Адалдық – атадан қалған мұра» ұрпақтар сабақтастығын насихаттау («Жеткіншектің Жеті Жарғысы» жобасы) Құндылық: Ар-ұят, талап, ұлттық мүдде Индикаторы: Қоғам игілі үшін қызмет ету; адал еңбекті құрметтеу; уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау | ДТДЖО Ш.С.Хусайнова "Даналық мектебі" жетекшісі | Қазан |
| Қамқоршылық кеңес жұмысы | Қамқоршылық кеңесінің құжаттарын реттеу №2 отырыс | ДТДЖО Ш.С.Хусайнова | Қазан |
| Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымына басшылық жұмыстар (Өзін-өзі басқару ұйымы, Жас Ұлан, Жас Қыран,) | «Өнегелі өмір» эссе («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы) Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшһүр – Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл Құндылық: ұлттық мүдде Индикаторы: Қоғам игілігі үшін қызмет ету; -Ұлттық мұраға ұқыпты қарау; -Адал еңбекті құрметтеу; | ДТДЖО Ш.С.Хусайнова Тәлімгер Г.Табынбай | Қазан |
| | «Қарттарын қадірлеген ел ардақты!» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы) ҚҰНДЫЛЫҚ: АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ Индикатор:- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу; - Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу; - Сөзіне берік, ісіне адал болу; | Тәлімгер Г.Табынбай сыншп жетекші «Әжелер даналығы» клубы жетекшісі ҚББП Б.Сайкалиева | Қазан |
| Құқықбұзушылықтың алын алу (Булинг. Кибербулинг. Ерте жүктіліктің алдын алу, қыздармен жұмыс, Салауатты өмір салтын насихаттауда медицина қызметкерімен жұмыс, КТДЖБ, Лудомания, нашақорлықтың алдын алу) | Құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша 5-7 сынып оқушыларымен кездесу | ДТДЖО Ш.С.Хусайнова Байғанин АПБ-нің полиция инспекторы Ұ.Ізтұрғанов Сынып жетекшілер | Қазан |
| | «Қауіпсіз интернет, балалар үшін» ҚР оқу-ағарту министрінің «Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын бекіту туралы» 2022 жылғы 21 желтоқсандағы №506 бұйрығын басшылыққа алып жұмыс жасау | ДТДЖО Ш.С.Хусайнова Арнайы мамандар | Қазан |
| | «Денсаулықтың 6 шарты – таза ауа, дұрыс тамақтану, қозғалыс, тыныш ұйқы, көтеріңкі көңіл-күй, күйзеліске түспеу» Құндылықтар: талап, ұлттық мүдде Индикаторы: Білуге, жаңанығануға құштар болу; физикалық белсенді болу; салауатты өмір салтын ұстану; -халқына адал қызмет ету | ДТДЖО Ш.С.Хусайнова Сынып жетекшілер | Қазан |
| Құқық бұзушылықтың алын алу бойынша | Құқықбұзушылықтың алдын алу кеңесінің отырысы | ДТДЖО Ш.С.Хусайнова Профилактикалық кеңес | Қазан |

| | | | |
|---|---|---|-------------------------------|
| профилактикалық кеңес жұмысы №61 бұйрық | «Кідіріс жасап, айналаңа қара. Өткенді сараптап, келер күнді бағамда» Құндылық: Ар-ұят, талап, ұлттық мүдде Индикаторы: Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу; шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну; достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту; | Сынып жетекшілері, Байғанин АПБ-нің полиция инспекторы Ұ.Ізтұрғанов | Қазан |
